



ҚАЗАҚСТАН-ҚЫТАЙ ҚҰБЫРЫ

**KAZAKHSTAN-
CHINA PIPELINE**

КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКИЙ ТРУБОПРОВОД

2024 ЖЫЛҒЫ ИМЖ ҚЫЗМЕТІН БАСШЫЛЫҚ ТАРАПЫНАН ТАЛДАУ

Алматы, 2025 жылғы ақпан



2024 жылдың қорытындысы бойынша басшылық тарапынан ИМЖ қызметіне талдау халықаралық стандарттар талаптарының бөлімдеріне сәйкес жүргізілді:

ISO 9001:2015 (сапа менеджменті жүйесі) 9.3-бөлім,

ISO 45001:2018 (денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі) 9.3-бөлім,

ISO 14001:2015 (экологиялық менеджмент жүйесі) 9.3-бөлім,

ISO 50001:2018 (энергетикалық менеджмент жүйесі) 9.3-бөлім.



Басшылық тарапынан 2023 жылғы ИМЖ қызметін алдыңғы талдаудың нәтижелілігі

Серіктестіктің ИМЖ 2023 жылғы қызметі ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес нәтижелі, жарамды және барабар деп танылды. Серіктестік Басшылығынан тапсырмалар болған жоқ.

2024 жылы сыртқы және ішкі факторларда менеджмент жүйелеріне қатысты өзгерістер болған жоқ.

Жүргізілген ИМЖ өзгерістері

- ИМЖ ішкі аудиторларының Жаңа тізімі бекітілді, ИМЖ ішкі аудиторлары үшін оқыту жүргізілді және тиісті сертификаттар алынды;
- 2024 жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС объектілерінде энергетикалық аудит жүргізілді және энергия аудитінің нәтижелері бойынша алынған ұсынымдар негізінде серіктестіктің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді;
- 2024 жылы бекітілген бағдарламаға сәйкес Серіктестікте ИМЖ ішкі аудиті жүргізілді.

Қолда бар ресурстардың жеткіліктілігі

Серіктестік қолданыстағы Серіктестіктің ИМЖ процестерін іске асыру үшін барлық қажетті ресурстармен толық қамтамасыз етілді.



Жақсарту мүмкіндіктері

2024 жылға жақсарту үшін келесі мүмкіндіктер анықталды :

- Кеңқияқ-Құмкөл МҚ объектілеріндегі байланыс сапасын жақсарту;
- сатып алуды бақылау және есеп беру процесін жеңілдету;
- капиталдың сақталу принципін және оның өтімділігін ескере отырып, Серіктестіктің кірістілігін арттыру.
- Мүмкіндіктерді іске асыру үшін жоспарланған іс-шаралар:
- Кеңқияқ-Құмкөл МҚ объектілерінде өткізу қабілетін арттыру үшін транкингтік байланыс пен SDH желісін жаңғырту үшін жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізу;
- сатып алу бойынша «Қазмұнайгаз» АҚ талдамалық сайтына қол жеткізу;
- Серіктестіктің қарызын толық өтеу (2024 жылғы ақпанда орындалды) және Серіктестіктің уақытша-бос қаражатын екінші деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастыру.



Тәуекелдерге жауап ретінде қабылданған іс-әрекеттердің тиімділігі

Серіктестік Басқармасының шешімімен бекітілген Серіктестіктің 2024 жылға арналған тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша (01 жылғы 2023 ақпандағы № 5-2023 хаттама) өндірістік және өндірістік емес тәуекелдер тізілімдері әзірленді, оларға мыналар жатады, мысалы:

- Шикізаттың төмен сапасы (мұнай өнімдерін өндіруге арналған мұнай);
- Байланыс қызметтерін ұсынудағы іркілістер.

Осы тәуекелдер бойынша түзету іс-шаралары:

- Мұнайды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге жасалған шарттарға сәйкес Серіктестіктің ӨП және ТД күн сайын тұтынушылар тапсыратын мұнайдың сапасын тексереді;
- Жабдықтарға уақтылы техникалық қызмет көрсету;
- Резервтік байланыс арнасына ауыстырып қосуды мерзімді тексеру.

Осы тізілімдер тоқсан сайынғы негізде қайта қаралады және Серіктестіктің басшылығы мен Қатысушыларына іске асырылған тәуекелдік оқиғалар бойынша есеп беріледі. Мысалы, 2024 жылғы 1-тоқсанда орын алған тәуекел іске асырылды - Табиғи әсерлер мен катаклизмдер, тасқын сулардың әсерінен келесі учаскелерде: Кеңқияқ-Құмкөл МҚ 31-405 км және Атасу-Алашанькоу МҚ 39-656 км-тас жол бойындағы өткелдердің (оның ішінде су өткізу құрылыстарының) учаскелері қирады.

Сәйкестендірілген тәуекелдерді төмендету бойынша іс-қимылдар әзірленді. Мысалы, жоғарыда көрсетілген тәуекел бойынша автожолдардың бұзылған учаскелерін қалпына келтіру бойынша мердігер ұйыммен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілген. Қазіргі уақытта жолдар қалпына келтіріліп, сақтандыру ұйымынан төлем алынды.

2024 жылғы мұнай тасымалдау қызметтерін тұтынушылардың қанағаттануы бойынша сауалнама нәтижелерін талдау

- 1) Жіберілген сауалнамалардың саны - 44
- 2) Жауап алынған сауалнамалар саны - 44
- 3) Сұрақтардың жалпы саны - 13
- 4) Тұтынушылардың қанағаттануының жалпы пайызы - 99,9%
Қабылданған қанағаттану көрсеткіші - 90%

Қабылданған көрсеткішке сәйкес Серіктестік тұтынушыларының қанағаттануы оң бағаланады.

Серіктестікке сыртқы мүдделі тараптардан түскен хабарламалар, соның ішінде шағымдар:



Бас директордың
блогы - шағымдар
мен хабарламалар
ЖОҚ



Кеңсе арқылы
тіркелген -
шағымдар мен
хабарламалар **ЖОҚ**



Тұтынушылардан -
шағымдар мен
ұсыныстар **ЖОҚ**

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС ИМЖ саясаты

ИМЖ-нің сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық, еңбек қауіпсіздігін және энергия тиімділігін қамтамасыз ету саласындағы **саясаты** - Серіктестіктің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 22-20 бұйрығымен бекітілген және қазіргі сәтте өзекті болып табылады, барлық қызметкерлер мен жеткізушілердің назарына жеткізілген, Серіктестіктің сыртқы сайтында орналастырылған.

Сапа, экология, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі және энергия тиімділігі саласындағы 2024 жылға арналған мақсаттар

- 1) Мұнай тасымалдау кезінде өндірісті тоқтатуға, экологиялық зиян келтіруге және адамдардың денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан **авариялардың нөлдік деңгейін** қамтамасыз ету;
- 2) Мұнай тасымалдаудың технологиялық процесінде уақытша өзгерістерге әкеп соқтырған технологиялық процеске тартылған негізгі және қосалқы жабдықтардың істен шығу санының **нөлдік деңгейін** қамтамасыз ету;
- 3) 2017 жылғы көрсеткіштерге қатысты жалпы энергия тұтыну деңгейінің шартты отынның 1 тоннасына төмендеуін қамтамасыз ету;
- 4) Өндірістегі **жазатайым оқиғалардың нөлдік деңгейіне қол жеткізу** мақсатында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

Серіктестік 2024 жылға жоспарланған сапа, экология және еңбекті қорғау және энергия тиімділігі саласындағы барлық мақсаттар орындалды.

2024 жылы ИМЖ жұмыс істеу және нәтижелілік көрсеткіштері


Жазатайым оқиғалар	Өрт	Мұнай шығуынан болған апаттар	Мердігерлік ұйымдардағы жазатайым оқиғалар
0	0	0	0

2024 жылы мердігерлік ұйымдарда еңбек қызметіне байланысты оқиғалар, жол-көлік оқиғалары, өрт, мұнайдың шығуымен болған авариялар, жазатайым оқиғалар **тіркелмеген**.

Серіктестіктегі жалпы энергия тұтыну деңгейі 2024 жылы жылына 1 тоннадан астам шартты отынға төмендеді және **жылына 19,116 млн. тонна** көлемінде мұнай тасымалдау кезінде **7 628,13 ш.о.т.** құрады.

Алдыңғы 2023 жылы мұнай көлемі 19,184 млн. тонна болған кезде жалпы энергия тұтыну 7 646,56 ш.о.т. құрады.

Энергетикалық сипаттамаларды талдау



Шартты отын - отынның әртүрлі түрлерінің тиімділігін салыстыру және оларды жиынтық есепке алу үшін қолданылатын органикалық отынды есепке алу бірлігі. Шартты отынның тоннасы (ш.о.т.) - энергияның өлшем бірлігі, $2,93 \cdot 10^6$ Дж тең, Жылу шығару қабілеті 7 мың ккал/кг отынның 1 т жануы кезінде бөлінетін энергия мөлшері ретінде анықталады, бұл 1 т тас көмірдің типтік жылу шығару қабілетіне сәйкес келеді.

ИМЖ қолданысы және нәтижелілік көрсеткіштері

ИМЖ мақсаттарына қол жеткізу үшін ИМЖ мақсаттарына қол жеткізу бойынша жоспарланған іс-шаралар толық көлемде іске асырылды :

- 1) Өндірістік қызметті жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, көлік қауіпсіздігі, денсаулықты қорғау саласындағы тәуекелдерді бағалау жүзеге асырылды;
- 2) Серіктестікте 2024-2025 жылдарға арналған «Vision Zero» нөлдік жарақаттану тұжырымдамасын енгізу бағдарламасы іске асырылды;
- 3) Серіктестіктің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі нормативтік құжаттары әзірленді: 3 Саясат (Экологиялық; Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану), «Өмірлік маңызды қағидалар» кодексі, «Қорғау» картасын қолдану регламенті;
- 4) Серіктестікте бар ROAIMS бағдарламалық қамтамасыз ету және геокеңістіктік база (аэроғарыштық түсірілім материалдары бойынша) негізінде Атасу-Алашанькоу МҚ желілік бөлігінде сыни аймақтарды сәйкестендіру, қауіптер мен тәуекелдерді бағалау жүргізілді;
- 5) Серіктестіктің МҚ объектілеріне бара отырып, жабдықтар мен құрылыстардың істен шығуына алғышарттардың болуы бойынша тексерулер жүзеге асырылды, анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі іс-шаралардың тиісті жоспарлары әзірленді;
- 6) Серіктестік МҚ объектілерінің сенімділігін қамтамасыз ету және Серіктестік МҚ объектілерін күзгі-қысқы кезеңде және көктемгі су тасқыны кезеңінде жұмысқа дайындау бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар өткізілді;

- 7) Серіктестік объектілерінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, көлік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жай-күйіне ішкі тексерулер жүзеге асырылды;
- 8) Үлгілі апаттық жағдайларға ден қою дағдыларын пысықтау үшін оқу-жаттығу сабақтары өткізілді;
- 9) Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша серіктестік қызметкерлерін IOSH курсы, «Vision Zero» нөлдік жарақаттану тұжырымдамасы, HSE, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігі саласындағы өрт-техникалық минимум көлеміндегі көшбасшылық бойынша оқыту жүргізілді;
- 10) Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша шарттар жасалды;
- 11) ИМЖ ішкі аудиторларының Жаңа тізімі бекітілді және тиісті оқыту жүргізілді;
- 12) «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС объектілерінде энергетикалық аудит жүргізілді және энергия аудитінің нәтижелері бойынша алынған ұсынымдар негізінде Серіктестіктің энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2025-2029 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді;
- 13) Мұнайды тасымалдаудың оңтайлы технологиялық режимдері қамтамасыз етілді;
- 14) Серіктестіктің 2020-2024 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау жоспарланған мерзімдерге сәйкес жүргізіледі.

ИМЖ процестерінің нәтижелілігі қызмет көрсеткіштерінің белгіленген өлшемдеріне сәйкес келеді.

Денсаулық сақтау, еңбек қауіпсіздігі саласындағы қызмет көрсеткіштері

Жазатайым оқиғалардың және өндірістік жарақаттанудың алдын алу тәсілдерінің бірі болып табылатын ішкі бақылау белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

2024 жылы мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары тарапынан 2 тексеру жүргізілді, оның ішінде:

ҚР ТЖМ Абай облысы ТЖД «Аягөз ауданының ТЖ бөлімі» РММ - 5 анықталған сәйкессіздік жойылды;

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің «Ұлытау облысы бойынша экология департаменті» РММ - бұзушылықтар жоқ.

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, көлік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жай-күйіне 5 Ішкі тексеру жүргізілді, оның ішінде:

2 мердігерлік ұйымдарды тексеру-25 анықталған сәйкессіздіктер жойылды.

3 тұрақты жұмыс істейтін еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және мұнай құбырын пайдалану бойынша қызмет көрсету сапасын тексеру. 42 сәйкессіздік анықталды, оның ішінде:

«Кеңқияқ-Құмкөл» магистральдық мұнай құбыры бойынша-5 сәйкессіздік;

«Атасу-Алашанькоу» магистральдық мұнай құбыры бойынша-5 сәйкессіздік;

Қытай Халық Республикасының Алашанькоу қаласындағы филиалы бойынша-32 сәйкессіздік.

25 сәйкессіздік жойылды және 17 сәйкессіздік бойынша іс-шараларды орындау белгіленген мерзімдерге сәйкес жұмыста.

Сәйкессіздіктер және түзету әрекеттері

2023 және 2024 жылдары ИМЖ сыртқы және ішкі аудиттерін жүргізу барысында сәйкессіздіктер анықталған жоқ.


2024 жылы ИМЖ ішкі және сыртқы аудиттері барысында анықталған ұсынымдар бойынша және түзету және алдын алу іс-шараларының жоспарына сәйкес түзету іс-әрекеттері орындалды :

- «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС ИМЖ-ның 2024 жылға арналған мақсаттары белгіленді;
- ISO 9001, ISO 14001, ISO 45001, ISO 50001 талаптарына сәйкес «2023 жылға басшылық тарапынан ИМЖ қызметін талдау» әзірленді және толық көлемде рәсімделді және 2024 жылғы ақпанда бекітілді;
- ИМЖ ішкі аудиторлары үшін, Серіктестік қызметкерлері мен басшылығы үшін ISO стандарттары бойынша оқыту жүргізілді;
- Серіктестіктің 27 ішкі нормативтік құжаты өзектендірілді.

Мониторинг және өлшеу нәтижелері

Мониторинг, өлшеу және ИМЖ процестерін талдау рәсімдерінің орындалуына жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 2024 жылы уақтылы және толық көлемде:

- 1) тұтынушылармен Шарттар жасалды;
 - 2) Тұтынушыларға алдын ала төленген шоттар рәсімделді және ұсынылды;
 - 3) Мұнайды қабылдау-тапсыру актілері және Тұтынушылар үшін мұнай сапасының төлқұжаты рәсімделді;
 - 4) орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің)электрондық шот-фактуралары мен актілері рәсімделді;
 - 5) Серіктестіктің алдын ала сатып алу жоспары, сатып алу жоспары және ұзақ мерзімді сатып алу жоспары (бұдан әрі - АСЖ/СЖ/ҰСЖ)қалыптастырылды және бекітілді;
 - 6) Сатып алудың веб-порталында да, сатып алудың веб-порталын пайдаланусыз да Серіктестіктің бекітілген АСЖ/СЖ/ҰСЖ сәйкес сатып алу рәсімдері өткізілді;
 - 7) Серіктестіктің 2024 жылға жоспарланған барлық сатып алулары өткізілді (100%).
- Серіктестіктің 2024 жылғы ИМЖ қызметі нәтижелілігін көрсетеді және ISO халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.



Сыртқы жеткізушілер

Сыртқы жеткізушілермен жасалған шарттар шеңберінде тұтынушылардың талаптары ескеріледі және оларды іске асыру бойынша жұмыстар жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының құқықтық және нормативтік талаптарын ұдайы түсіну және орындау сақталады.

Талаптар тауарларды жеткізу, қызметтер көрсету немесе жұмыстарды орындау жөніндегі техникалық ерекшелікте белгіленеді, онда сатып алынатын ТЖҚ көлеміне қатысты нақты ақпарат көрсетіледі:

- тауарды жеткізудің, қызмет көрсетудің немесе жұмыстарды орындаудың егжей-тегжейлі шарттары;
- сатып алынатын ТЖҚ функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының сипаттамасы;
- сатып алу тәсілі мен нысанасына (қызмет көрсету және қолдау деңгейі, қаржылық тұрақтылық пен сенімділік, экологиялық және әлеуметтік аспектілер) сәйкес келетін сатып алуды өткізу кезеңінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптар.

Серіктестікте тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі туралы ақпараттың мониторингін жүзеге асырады. 2024 жылы мұнай тасымалдау қызметтерін тұтынушылардың қанағаттануы бойынша сауалнама нәтижелеріне сәйкес тұтынушылардың қанағаттануы 99,9%-ды құрады

Қабылданған қанағаттану көрсеткіші - 90%.

Қабылданған көрсеткішке сәйкес Серіктестік тұтынушыларының қанағаттануы оң бағаланады.

Ішкі аудит 2024 жылы менеджменттің енгізілген жүйелері саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестігіне жүргізілді:

ISO 9001:2015 - сапа менеджменті жүйесі;

ISO 45001:2018 - кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау менеджменті жүйесі;

ISO 14001:2015 - экологиялық менеджмент жүйесі;

ISO 50001:2018 - энергетикалық менеджмент жүйесі,

Серіктестіктің 2023 жылғы 7 ақпандағы № 22-14 бұйрығымен бекітілген ИМЖ аудит бағдарламасына сәйкес.

ИМЖ ішкі аудиті барысында 2024 жылы Серіктестіктің өндірістік объектілеріне іріктелген тексеру жүргізілді.

ИМЖ ішкі аудиті барысында орындалғандар:

- Серіктестіктің өндірістік объектілерінің қызметіне ISO 9001:2015, ISO 45001:2018, ISO 14001:2015, ISO 50001:2018 халықаралық стандарттары талаптарының сақталуына іріктеп тексеру жүргізілді;
- 2023 жылы ИМЖ-нің алдыңғы ішкі аудитінің қорытындылары бойынша бақылаулар мен ескертулердің орындалуына тексеру жүргізілді;
- Серіктестіктің әрбір өндірістік объектісі бойынша есептер әзірленді;
- 2023 жылдың қорытындысы бойынша ішкі аудит бағдарламасының нәтижелері, түзету және ескерту іс-қимылдары жоспарының нәтижелері қаралды;
- денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сәйкестігі белгіленді.

2024 жылы ИМЖ жүргізген ішкі аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер :

Анықталған сәйкессіздіктер саны - 0

Көрсетілген жақсарту мысалдарының саны - 50

Жақсарту бойынша ұсынымдар саны - 2

Жақсарту бойынша мүмкіндіктер саны - 5

2023 жылғы ИМЖ-нің алдыңғы ішкі аудитінің нәтижелері туралы мәліметтер:

Анықталған сәйкессіздіктер саны - 0

Алынған ұсынымдар саны - 3

Анықталған сәйкессіздіктер мен ұсынымдар бойынша іс-шаралар толық көлемде орындалды және нәтижелі болып табылады.

2024 жылғы қарашада Серіктестікте ТЮФ Рэйланд Қазақстан компаниясы ИМЖ 2-ші қадағалау аудитін өткізді

ИМЖ нәтижелілігін аудиторлардың құзыретті тобы тексерді.

2-ші қадағалау аудитінің нәтижелері бойынша Аудиторлық топ Серіктестікте өз саясаты мен мақсаттарын іске асыру бойынша нәтижелі жүйе енгізілгенін және қолдау көрсетілетінін, ұйымның менеджмент жүйесі ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2015, ISO 50001:2018 стандарттарының талаптарына сәйкес келетінін, тиісті түрде қолдау көрсетілетінін және іске асырылатынын растады.

ИМЖ құжаттамасына негізделе отырып, оны бірқатар процестер бойынша қадағалау арқылы, қолданыстағы нормативтік талаптар мен ұйғарымдарды олардың іс жүзінде қолданылуымен салыстыру жүргізілді.

ИМЖ аудитінің нәтижелерін негізге ала отырып, аудиторлар ISO 45001:2018, ISO 50001:2018, ISO 9001:2015, ISO 14001:2015 стандарттары бойынша, Серіктестіктегі қолданыстағы менеджмент жүйесі бойынша ағымдағы сертификаттарды сақтауды ұсынды.

Жақсарту мүмкіндіктері

- Ішкі нарыққа тарифтің қолданылу мерзімінің аяқталуына және тарифтерді қалыптастыру қағидаларына енгізілген өзгерістерге байланысты Серіктестік 2024 жылғы 8 тамызда ынталандырушы әдісті қолдана отырып, 2025-2029 жылдарға арналған ішкі нарыққа «Кеңқияқ-Құмкөл» МҚ бойынша тарифтерді бекітуге өтінім берді (тарифтер ҚР Ұлттық экономика министрлігінің ТМРК департаментінің (2024 жылғы 29 қарашадағы №156-НҚ) бұйрығымен бекітілген.

Жақсарту үшін ұсыныстар

- Есептен шығарылған жабдықтар мен материалдарды жыл сайынғы негізде кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсетуге шарттар жасасу;
- Серіктестікте қаржыландыруды тарту кезіндегі тәртіпті және жауапкершілікті айқындайтын «Серіктестікте қаржыландыруды тарту тәртібі» жаңа ішкі нормативтік құжатын әзірлеу (Серіктестік Басқармасының шешімімен бекітілген (27.12.2024 жылғы № 57-2024 хаттама).

ИМЖ-ге қажетті өзгерістер

- 2025 жылдың соңына дейін «Шарттарды басқару тәртібін» өзектендіру және бекіту;
- 2024 жылы мұнайды есепке алу жөніндегі нұсқаулықты өзектендіру және оны 2025 жылы қолданысқа енгізу.

Ресурстарға қажеттілік

Серіктестіктің қолданыстағы ИМЖ процестерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін Серіктестіктің 2025 жылға арналған бюджетінде қажетті қаражат көзделсін.

Объективті дәлелдер негізінде Серіктестік интеграцияланған менеджмент жүйесі Серіктестік қызметкерлері арасында процестік тәсілді және тәуекелге бағдарланған ойлауды енгізуге қатысты жақсартуды көрсетеді және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікті қолдауға қабілетті.

Серіктестік қызметкерлері енгізілген интеграцияланған менеджмент жүйесі бойынша халықаралық стандарттардың талаптарын және белгіленген ішкі талаптарды орындайды.

Серіктестікте ISO 9001:2015, ISO 45001:2018, ISO 14001:2015 және ISO 50001:2018 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес келетін интеграцияланған менеджмент жүйесі әзірленді, құжатталды, енгізілді және жұмыс жағдайында қолданылады.

Серіктестіктің қызметін жоғарыда көрсетілген халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес нәтижелі, жарамды және барабар деп тану ұсынылады.

Назарларыңызға рақмет!